

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Теңізге шығатын жолы жоқ елдер және дамушы транзит елдер, донор елдер және қаржыландыру мен дамыту жөніндегі халықаралық ұйымдар үшін транзиттік көлік саласындағы ынтымақтастық мәселесі бойынша Алматы қаласында 2003 жылғы 28-29 тамызда Халықаралық Министрлік Конференциясын ұйымдастыруға қатысты келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 маусымдағы N 613 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Теңізге шығатын жолы жоқ елдер және дамушы транзит елдер, донор елдер және қаржыландыру мен дамыту жөніндегі халықаралық ұйымдар үшін транзиттік көлік саласындағы ынтымақтастық мәселесі бойынша Алматы қаласында 2003 жылғы 28-29 тамызда Халықаралық Министрлік Конференциясын ұйымдастыруға қатысты келісімнің жобасы (бұдан әрі - Келісім) мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановқа, оған қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан көрсетілген Келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 042 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және шегінде Конференцияны дайындау және өткізу барысында Біріккен Ұлттар Ұйымы Хатшылығы мамандарының келуі және болуы жөніндегі шығыстарды қаржыландыру үшін 337812,50 АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Теңізге шығатын жолы жоқ елдер және дамушы транзит елдер, донор елдер және қаржыландыру мен дамыту жөніндегі халықаралық ұйымдар үшін

транзиттік көлік саласындағы ынтымақтастық мәселесі бойынша Халықаралық Министрлік Конференциясын ұйымдастыруға қатысты келісім

Бас Ассамблея өзінің 57-сессиясындағы 57/242 қарарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Транзиттік көлік саласындағы ынтымақтастық мәселесі бойынша теңізге шығатын жолы жоқ елдер және дамушы транзит елдер, донор елдер және қаржыландыру мен дамыту жөніндегі халықаралық ұйымдар үшін Алматыда Халықаралық Министрлік Конференциясын өткізу туралы шақыруын қабылдағанын ескере отырып,

және Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1992 жылғы 22 желтоқсандағы 47/202 қарарының 17-параграфында Біріккен Ұлттар Ұйымының органдары өз сессияларын, егер сессияны өз аумағының шегінде шақыруды ұсынған Үкімет іс жүзіндегі қосымша, тікелей немесе жанама шығыстарды, осы шығыстардың сипатына және мүмкін болатын мөлшеріне қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысымен алдын ала кеңесе отырып жабуға келіссе, тұрақты штаб-пәтерлерінен тыс жерлерде жүргізе алатындығын қуаттағанын ескере отырып, осымен Қазақстан Республикасының Үкіметі және Біріккен Ұлттар Ұйымы мыналар туралы уағдаласады:

I - б а п

Конференцияны өткізу күні және орны

Конференция Қазақстан Республикасының Алматы қаласында 2003 жылғы 28-29 тамызда өткізіледі.

I I - б а п

Конференцияға қатысу

1. Конференция мынадай тараптардың:
 - a) Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің;
 - b) БҰҰ Бас Ассамблеясы қадағалаушылар ретінде қатысу үшін шақырған х а л ы қ а р а л ы қ ұ й ы м д а р д ы ң ;
 - c) БҰҰ-ның мамандандырылған және ұқсас ұйымдарының;
 - d) Біріккен Ұлттар Ұйымының үкіметаралық органдарының;
 - e) үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдардың;
 - f) Біріккен Ұлттар Ұйымы Хатшылығының лауазымды адамдарының;
 - g) Біріккен Ұлттар Ұйымы шақырған басқа да адамдардың қатысуы үшін ашылды.
2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Конференцияға қатысу үшін оған қызмет көрсету мақсаттары үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының лауазымды адамдарын т а ғ а й ы н д а й д ы .
3. Конференцияның жария мәжілістері Біріккен Ұлттар Ұйымы Үкіметпен кеңескеннен кейін өзінің қалауы бойынша тіркеген бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін ашық.

І І І - б а п

Үй-жайлар, жабдықтар, коммуналдық қызметтер көрсету және керек-жарақтар*

1. Үкімет ресми емес мәжілістер үшін конференциялық залдарды, кабинеттер үшін үй-жайларды, жұмыс аймақтарын және осы Келісімге қосымшаға сәйкес басқа да ұқсас үй-жайларды қоса алғанда, қажетті үй-жайларды ұсынады. Үкімет өз қаражаты есебінен осы үй-жайлар мен объектілердің барлығын Біріккен Ұлттар Ұйымы Конференцияны тиімді өткізу үшін жеткілікті деп санаған көлемде жабдықтайды, жарақтайды және жұмыс жағдайында ұстайды. Конференциялық залдар алты тілде екі жақты ілеспе аударма жасау үшін жабдықталуы тиіс және осыншама тілде дыбыс жазбасы үшін техникалық мүмкіндіктері болуы, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы талап еткен көлемде баспасөз, теледидар, радио және бейнехабарлар үшін жабдықтары болуы тиіс. Үй-жайлар Конференция басталғанға дейін екі апта бұрын және ол жабылғаннан кейін алты күннен аспайтын кезеңде тәулік бойы Біріккен Ұлттар Ұйымының қарауында болады.

2. Үкімет, мүмкін болса, Конференция өтетін жерде, банк мекемелерінің, почтаның, телефонмен сөйлесу және жеделхат жіберу пункттерінің, сондай-ақ тиісті қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының, саяхат бюроларының және Конференцияға қатысушы делегациялардың коммерциялық негізде пайдалануы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымымен кеңесіп жабдықталған хатшылық қызмет көрсету орталығының болуын қамтамасыз етеді.

3. Конференция хатшылығының жергілікті телефон шалуларын және оның телекс немесе телефон арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының өңірлік штаб-пәтерлерімен байланысын қоса алғандағы, егер мұндай байланыстарға Конференцияның атқарушы хатшысы немесе оның атынан рұқсат етілген болса, барлық қажетті коммуналдық қызметтерін төлеуді Үкімет өзі көтереді.

4. Конференцияны тиісті түрде өткізу үшін қажетті Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық жабдықтары мен керек-жарақтарын Біріккен Ұлттар Ұйымының белгіленген бөлімшесінен Конференция өткізілетін орынға және кері бағытта тасымалдау және оларды сақтандыруға ақы төлеуді Үкімет өзі көтереді. Біріккен Ұлттар Ұйымы мұндай жабдықтар мен керек-жарақтарды жөнелтудің тәсілін белгілейді.

І V - б а п

Тұруы

Үкімет Конференцияға қатысушы немесе онда болатын адамдар үшін ақылға сыйымды коммерциялық ставкалар бойынша қонақ үйлерде немесе қонақ күтетін үйлерде тиісті тұрғын жайдың болуын қамтамасыз етеді.

V - б а п

Медициналық қызмет көрсету

1. Үкімет Конференция өтетін орында алғашқы жедел жәрдем көрсету үшін жеткілікті медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

2. Үкімет төтенше жағдайлар болған жағдайда дереу ауруханаға жеткізу мен орналастыруды қамтамасыз етеді.

V I - б а п

Жүріп-тұруы

1. Үкімет Конференцияға қызмет көрсететін Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығы қызметкерлерінің Алматы қаласының әуежайынан Конференция өтетін орынға және негізгі қонақ үйлерге олардың келуі және қайтуы кезінде жүріп-тұруын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

2. Үкімет Конференцияның барлық қатысушылары мен онда болатын адамдар үшін Алматы қаласының әуежайы мен негізгі қонақ үйлердің және Конференция өтетін орынның арасында көліктің болуын қамтамасыз етеді.

3. Үкімет Конференцияның аға қызметкерлері мен хатшылығының қызметтік пайдалануы үшін жүргізушілерімен қоса автомобильдермен жеткілікті мөлшерде, сондай-ақ Конференцияны өткізумен байланысты хатшылыққа қажетті сондай басқа да жергілікті көлікпен қамтамасыз етеді.

V I I - б а п

Полициялық күзет

Үкімет ешқандай да бір араласу болмайтын қауіпсіз және тыныштық жағдайда Конференцияның тиімді өткізілуін қамтамасыз ету үшін талап етілетіндей полициялық күзетті ұсынады. Дегенмен де мұндай полиция бөлімшелері Үкімет бөлген аға офицердің тікелей басқаруы мен бақылауында болады, бұл офицер Біріккен Ұлттар Ұйымының тағайындаған аға лауазымды адамымен тығыз ынтымақтастықта болады.

V I I I - б а п

Жергілікті қызметкер

1. Үкімет Біріккен Ұлттар Ұйымымен кеңесе отырып, байланыс жөніндегі офицерді, осы Келісімде көзделген талаптарға сәйкес Конференция үшін әкімшілік және кадрлық даярлық іс-шараларды жүргізу үшін жауапты адамды тағайындайды.

2. Үкімет Конференцияны тиісті түрде өткізу үшін қажетті хатшылар, машинисткалар, клерктер, құжаттарды көбейту мен тарату үшін қызметкер, конференция үшін ассистенттер, шабармандар, екі тілде қызмет көрсететін қызметкерлер, телефонистер, үй жинастырушылар мен басқа да әртүрлі жұмыстар үшін жұмыскерлерді, сондай-ақ VI-баптың 1 және 3-тармақтарында айтылған автомобильдер үшін жүргізушілерді жеткілікті мөлшерде жалдайды және қамтамасыз етеді. Бұған қатысты нақты қажеттіліктерді Үкіметпен кеңесе отырып Біріккен Ұлттар Ұйымы белгілейді. Мұндай адамдардың кейбіреулері Конференцияның ашылуына дейін бір аптадан кешіктірмей және ол жабылғаннан соң алты күннен кем емес кезеңге Біріккен Ұлттар Ұйымының қажеттілігіне байланысты ұсынылуы тиіс.

Қаржылық жағдайлар

1. Осы Келісімнің басқа баптарында көзделген қаржылық міндеттемелерге қосымша , сондай-ақ Бас Ассамблеяның 42/202 қарарының 17-тармағына сәйкес Үкімет Нью-Йорктегі емес, Алматыдағы, Қазақстан Республикасы, Конференцияны өткізумен тікелей немесе жанама байланысты іс жүзіндегі шығыстарды төлейді. Алдын ала бағалағанда 337,812.50 АҚШ долларын құрайтын мұндай шығыстарға, атап айтқанда, Конференцияны жоспарлау немесе оған қатысу үшін тағайындалған Біріккен Ұлттар Ұйымы лауазымды адамдарының жол жүруіне және жәрдемақыларына жұмсалатын іс жүзіндегі қосымша шығыстар, сондай-ақ кез келген қажетті жабдықтар мен керек-жарақтарды жөнелтуге жұмсалатын шығыстар кіреді. Конференцияны жоспарлау немесе қызмет көрсету үшін қажетті Біріккен Ұлттар Ұйымы лауазымды адамдарының жол жүруін, сондай-ақ кез келген қажетті жабдықтар мен керек-жарақтарын жөнелтуді ұйымдастыруды Біріккен Ұлттар Ұйымының персоналы туралы ережелері мен тәртіпке және оның жол жүру класына, багаж алып өту нормаларына, тәуліктік және станциялық шығыстарына қатысты тиісті әкімшілік практикасына сәйкес хатшылық ж ү з е г е а с ы р а д ы .

2. Үкімет 2003 жылғы 1 шілдеден кешіктірмей Біріккен Ұлттар Ұйымына 1-тармақта олар туралы айтылатын сметалық шығыстарды толық көлемде көрсететін 337,812.50 АҚШ доллары мөлшеріндегі соманы аударады. Қажет болса Үкімет Біріккен Ұлттар Ұйымының ешбір жағдайда Үкімет жабуға тиісті қосымша шығыстарды қолда бар ресурстарының есебінен уақытша жабуға мәжбүр болмауы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы сұраса, олар туралы қосымша аванстар береді.

3. 2-тармақта талап етілетін аударымдар мен аванстар Біріккен Ұлттар Ұйымының тек Конференцияны өткізуге байланысты міндеттемелерін өтеу үшін пайдаланылады.

4. Конференция аяқталғаннан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы Үкіметке Біріккен Ұлттар Ұйымы шығарған және 1-тармаққа сәйкес Үкімет жабуға тиісті іс жүзіндегі қосымша шығыстарды көрсететін егжей-тегжейлі шоттарды ұсынады. Бұл шығыстар төлемдерді жүзеге асыру сәтіндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми айырбас бағамын пайдалану арқылы Құрама Штаттар долларымен көрсетіледі. Осы егжей-тегжейлі шоттар негізінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Үкіметке кез келген жұмсалмаған, 2-тармақтың талаптары бойынша аударым немесе авансты жүзеге асырған кезде оған берілген қаражатты қайтарады. Егер іс жүзіндегі қосымша шығыстар аударым сомасынан асып кетсе Үкімет жабылмаған қалдықты толық шоттарды алған күннен бастап бір ай ішінде өтейді. Ақырғы шоттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Қаржылық ережелері мен тәртібіне сәйкес тексеруге жатады және шоттарды түпкілікті түзету Біріккен Ұлттар Ұйымының Ревизорлар комиссиясының тексеруі нәтижесінде жасалуы мүмкін кез келген ескертулерді есепке ала отырып жүзеге асырылады, олардың бағасы Біріккен Ұлттар Ұйымы үшін де және Үкімет үшін де ақырғы болып табылады.

Жауапкершілік

1. Үкімет Біріккен Ұлттар Ұйымына немесе оның лауазымды адамдарына кез келген талаптарды, тілек-арыздарды немесе өзге де мынадай талаптарды реттеу үшін:

а) III-бапта айтылған және Үкімет ұсынған немесе оның бақылауындағы үй-жайларда адамдарға зақым келтіру немесе ондағы мүлікке зиян келтіру немесе оны жоғалтуға ;

б) көліктік қызметтердің нәтижесінде немесе VI-бапта айтылған және Үкімет ұсынған немесе оның бақылауындағы көліктік қызметтерді пайдаланған кезде адамдарға зақым келтіру немесе мүлікке зиян келтіру немесе оны жоғалтуға;

с) VIII-бапқа сәйкес Үкімет ұсынған қызметкерді Конференцияға жалдауға байланысты жауапкершілікті өзіне алады.

2. Үкімет Біріккен Ұлттар Ұйымына және оның лауазымды адамдарына кез келген талаптарға, тілек-арыздарға немесе өзге де талаптарға қатысты өтемақы ұсынады және оларды кез келген орынсыз әрекеттерден қорғайды.

Артықшылықтар және иммунитеттер

1. Конференцияға қатысты Қазақстан Республикасы тарапы болып табылатын, Бас Ассамблея 1946 жылғы 13 ақпанда қабылдаған Біріккен Ұлттар Ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция қолданылады. Соның ішінде, жоғарыдағы II-бапта олар туралы айтылатын мемлекеттер мен үкіметтік емес органдардың өкілдері Конвенцияның IV-бабында көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді, Конференцияға байланысты функцияларды орындайтын жоғарыдағы II баптың 1(f) және 2-тармақтарында олар туралы айтылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының лауазымды адамдары Конвенцияның V және VII-баптарында көзделген, ал Конференцияның өткізілуіне байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының істері бойынша іссапарлардағы сарапшылар Конвенцияның VI және VII баптарында көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

2. Жоғарыдағы II-баптың 1(b), (d), (e) және (g) тармақтарында олар туралы айтылған өкілдер немесе қадағалаушылар Конференцияға қатысуға байланысты өздері айтқан немесе жазған және жасаған кез келген іс-әрекеттерге қатысты сот жауапкершілігінен иммунитетті пайдаланады.

3. Үкімет ұсынған қызметкерлер жоғарыдағы VIII-бапқа сәйкес Конференцияны өткізуге байланысты ресми түрде өздері айтқан немесе жазған және жасаған кез келген іс-әрекеттерге қатысты сот жауапкершілігінен иммунитетті пайдаланады.

4. Жоғарыдағы II-баптың 1(c) тармағында олар туралы айтылған мамандандырылған немесе ұқсас мекемелердің өкілдері Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға немесе Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттіктің артықшылықтары мен

иммунитеттері туралы келісімге сәйкес көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді п а й д а л а н а д ы .

5. Осы баптың алдындағы тармақтар үшін зиян келтірмей Конференцияға байланысты функцияларды орындайтын, VIII-бапта олар туралы айтылатын адамдарды қоса алғанда, барлық адамдар және Конференцияға шақырылғандардың барлығы Конференцияны өткізуге байланысты олардың өз функцияларын тәуелсіз жүзеге асыруы үшін қажетті артықшылықтарды, иммунитеттерді және жеңілдіктерді п а й д а л а н а д ы .

6. II-бапта айтылған барлық адамдар Қазақстанға келу және одан кету құқығына ие, және оларға Конференция орнына және сол орыннан кетуге ешбір кедергі жасалмауы тиіс. Оларға жедел жүріп тұруына жеңілдіктер беріледі. Кіруге арналған визалар мен рұқсаттар, егер бұлар талап етілетін болса, тегін, мүмкіндігінше тез уақытта және виза беру туралы өтініш Конференцияның ашылуына дейін үш аптадан кеш емес мерзімде ұсынылған жағдайда Конференцияның ашылуынан екі апта бұрын беріледі, ал, егер өтініш одан кеш берілсе, виза сол өтінішті алған күннен бастап үш күннен кеш емес мерзімде беріледі. Визаны келуіне дейін алуға мүмкіндігі болмаған қатысушыларға Конференцияның өту мерзіміне беруді қамтамасыз ету үшін де шаралар қабылданады. Шығуға арналған рұқсаттар талап етілетін болса, мүмкіндігінше тез уақытта және кез келген жағдайда Конференцияның жабылуына дейін үш күннен кеш емес мерзімде, т е г і н б е р і л е д і .

7. Біріккен Ұлттар Ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияның мақсаттарына арналған жоғарыдағы III-баптың 1-тармағында айтылған конференциялық үй-жайлар Конвенция 3-бөлімінің мәні бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы үй-жайларының бөлігі болып есептеледі және оларға кіру Біріккен Ұлттар Ұйымының билігі мен бақылауында болады. Үй-жайлар Конференцияны өткізу кезеңінде, дайындық және жабылу кезеңін қоса алғанда, қол сұғылмайтын болып т а б ы л а д ы .

8. Жоғарыдағы II-бапта айтылған барлық адамдар кету уақытында ешбір шектеусіз Конференцияның өтуіне байланысты Қазақстанға өздері әкелген қаражатының жаратылмаған бөлігін Қазақстаннан әкетуге құқығы бар және олар алдында айырбастаған ставка бойынша кез келген осындай қаражатты қайта айырбастай алады.

9. Үкімет бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері өзімен бірге алып жүретін техникалық жабдықты қоса алғанда, барлық жабдықты салық пен баждарды алусыз уақытша алып кіруге рұқсат береді және Конференция үшін қажетті керек-жарақтарға импорттық баждар мен салықтарды салмайды. Ол осы мақсат үшін кез келген қажетті импорттық және экспорттық рұқсаттарды кідіріссіз береді.

Х І І - б а п

Дауларды реттеу

Келіссөздер жолымен немесе реттеудің басқа келісілген әдісі арқылы реттелмеген осы келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Үкімет арасындағы кез келген дау кез келген тараптың өтініші бойынша соңғы шешім шығару үшін үш төрешінің құрамындағы төрелік сотқа беріледі, оның біреуін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы, екіншісін - Үкімет тағайындайды, ал төрағаның функциясын орындайтын үшіншісін - алғашқы екеуі сайлайды; егер қандай да бір тарап екінші тараптың тағайындауынан кейін 60 күннің ішінде төрешіні тағайындамаса немесе осы екі төреші өздері тағайындалғаннан кейін 60 күннің ішінде үшінші төрешіге қатысты келісімге келмесе, қажетті тағайындауды Халықаралық Соттың төрағасы жүргізеді. Алайда Біріккен Ұлттардың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция реттейтін мәселені қозғайтын кез келген осындай дау сол Конвенцияның 30-бөліміне сәйкес қаралады.

Х І І І - б а п

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісімге Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Үкімет арасындағы жазбаша уағдаластық негізінде өзгерістер енгізілуі мүмкін.

2. Осы Келісім тараптар қол қойған кезден бастап күшіне енеді және Конференцияны өткізу кезеңінде және одан кейін оның ережелерінің кез келгеніне қатысты барлық мәселелерді реттеу үшін қажет кезеңде де күшінде қалады.

2003 жылғы "___" маусымда Нью-Йорк қаласында орыс және ағылшын тілдерінде екі данада қол қойылды және де екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Біріккен Ұлттар

Ұйымы үшін